

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 13-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 558 -қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 4 -сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – қолжетімді кәсіпті меңгерудің негізі ретінде, жалпы еңбектік қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) үлгіні сараптамау, тапсырманы бағдарлай білу, алдығы ісін жоспарлау, еңбегінің ағымдық және қорытынды нәтижелерін бақылау қабілетін қалыптастыру;

2) оқушыларды тәртіп талаптарын сақтауға, еңбек үдерісі барысындағы қатынастары үшін сөйлеу тілін қолдануға, бастаған ісін аяқтауға, бұйымның сапасын максималды деңгейге жеткізуге үйрету;

3) еңбек ісіне қарасты уәдемесін қалыптастыру және еңбекке қажетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;

4) оқушыларды еңбек түрлерімен таныстыру;

5) еңбектік қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру;

6) ауызша және жазбаша нұсқауларды қолдана отырып, оқушылардың тапсырманы бағдарлау қабілетін дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) көру-қозғалыс координациясын, жалпы және ұсақ моторикасын дамыту;

2) арнайы терминологиямен сөздік қорын кеңейту және байыту.

3) ойлау процестерін: көрнекі-бейнелеу және көрнекі-әрекеттік ойлауды дамыту

4) еңбексүйгіштікті, бастаған істі соңына дейін жеткізу біліктілігін, ұқыптылықты қалыптастыру.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Жалпы еңбекке даярлау» пәні бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

6. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу және оқыту іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі.

«Жалпы еңбекке даярлау» қоғам, адам және табиғаттың өзара әрекеті мен өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастырушы пән; оқыту объектілері – адам, табиғат, қоғам, соның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, өзара қарым-қатынас, ұлт, бірлестік, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

Аталған курстың түзетуші қызметі – қоршаған болмыс заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде танымдық аясы мен ауызша сөйлеу тілін дамыту, сөйлеудің реттеуші, коммуникативтік қызметін дамыту.

Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін еңсеруді немесе азайтуды көздейді; сондай ақ мінез-құлық нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

10. Жеке тәсілі және саралап оқыту қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

11. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

Ж

а

л

п

ы

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асырылады.

ң

б

е

к

к

е

14. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

15. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

17. Ағымды бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін, талдауды пайдаланады.

18. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларының оқу материалын меңгерудің түрлі мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптың, бөлімнің аяғында жүргізіледі.

19. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатымен тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына еңгізіледі.

3 - тарау. «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

20. «Жалпы еңбекке даярлау» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 4 сыныпта– аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

21. Бағдарлама мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) қағазбен және картонмен жұмыс;

2) моншақтармен және бисермен жұмыс;

3) қалдық материалмен жұмыс;

4) ағашпен жұмыс;

5) табиғи материалдармен жұмыс;

6) балшықпен және тұзды қамырмен жұмыс;

7) тоқыма материалдармен жұмыс.

22. Әрбір бөлім іс-әрекеті бойынша атауы қайталанатын бөлімшелерді қамтиды.

23. 4-сыныпқа арналған «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінің базалық мазмұны:

1) қағазбен және картонмен жұмыс: тескіштің көмегімен қағазды тесу, геометриялық фигуралардан, қағаз түрлерінен өрнек құру, дайындамалардан сәндік фигуралар және композициялар құру, конустан және цилиндрден көлемді ойыншықтар жасау, модульдерден композициялар құру, бұйымдарды сәндеу;

2) моншақтармен және бисермен жұмыс: материалды формасы, түсі, өлшемі бойынша таңдау; жіпке бірнеше моншақты өткізіп жинау, сымға бисермен бұйым өру, сымға кесінділермен өру;

3) қалдық материалмен жұмыс: бөлшектерді біріктіру тәсілдері, қайшымен белгілеме сызықтар бойымен кесу, бөлшектерді желіммен, степлермен, скотчпен біріктіру; пластилиннен әзірленген бөлшектерді қынапқа жапсыру ережелері; қалдық материалдармен аппликациялар құрастыру және орындау; бұйымның барлық бөлшектерін жинау; бөлшектерді желіммен біріктіру;

4) ағашпен жұмыс: қарапайым құрылысты орындау, құрылыс жиынтықтарының элементтері (кубик, дінгек, кірпіш); шамаларды салыстыру барысында басу және салу тәсілін қолдану; үлгіден өлшемін көшіру; бұйымдардың көркемдік безендірілуі; өлшеу, бұрғылау, тазалау дағдылары; шаблон немесе сызғышпен белгілемелер жасау; жонғышпен, егеумен, ою арамен жұмыс; бұйым бөлшектерін біріктіру тәсілдері;

5) табиғи материалдармен жұмыс: жұмысқа арналған материалдар, құрал-саймандар, құрылғылар; табиғи материалдар түрлері; бұйымдардың табиғи материалы; жарма мен дәндерді түрлері бойынша сұрыптау; қарапайым өрнектер құру, үлгі бойынша және үлгіге сүйеніп аппликациялар орындау;

6) балшықпен және тұзды қамырмен жұмыс: құрал-саймандар және олардың қолданылуы; балшық қабатына таяқшамен немесе тілшұқығышпен сурет сызу; бояуларды қолдану (акварель, гуашь); қол асты құралдарымен (қалыптар, шаблондар) бұйым бөлшектерін кесу; жабыстыру, фактураны қолдану, саусақтық өрнек, тырналау, әшекейлеу арқылы рельефтік пластиналарды сәндеу; сыртқы түрі бойынша бұйымдардың кебу кезеңін анықтау; үлгіні табиғи нысанмен, муляжбен салыстыру; ойыншықты иллюстрация бойынша өрнектеу; бөлшектердің орналасуын бақылау, пропорцияларын, өлшемдерін сақтау;

7) тоқыма материалдарымен жұмыс: түзу сызықпен қабу және «бейнежіп» техникасымен бұрыштарды толтыру, бисер мен пайетканы қадау, «инені алға» тігісі және «сыртына қарай» тігісі, матаға жіпті қабу арқылы жапсыру, түйме қадау, матаны қайшымен қиып жұмыс жасау, бұйым бөлшектерін түйреу және көктеу, қайым және жөрмелеу тігістер; тігін машинасының жоғарғы және төменгі жібін қолмен келтіріп сабақтау, қол тігін машинасымен белгіленген сызықпен түзу тігіс жүргізу, электр үтікпен жұмыс.

24. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың

жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

26. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

27. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Қағазбен және картонмен жұмыс» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	4-сынып
1.1 Қағазбен және картонмен жұмыс	4.1.1.1 құрал-саймандар мен материалдарды атау; 4.1.1.2 жұмыс орнын ұйымдастыру; 4.1.1.3 үтіктегішті қолдану, жіпті инеге түзу және түйіншек түйу; 4.1.1.4 тескіштің көмегімен қағазды тесу; 4.1.1.5 белгілемелер жасау, өлшемін алу және шаблонмен жиектеу; 4.1.1.6 жұмысты үлгі бойынша ретімен орындау; 4.1.1.7 өрнекті контуры бойынша және суреттің ішіне ретімен салу; 4.1.1.8 геометриялық фигуралардан өрнектерді тану және құру; 4.1.1.9 бөлшектер санын анықтау; 4.1.1.10 қағаз түрлерін ажырата білу; 4.1.1.11 кесінділерді сақиналап және шынжырлап бір-бірімен біріктіру; 4.1.1.12 сәндік фигуралар және дайындамалардан басқа композициялар құрастыру; 4.1.1.13 конустан, цилиндрден көлемді ойыншықтар жасау; 4.1.1.14 композиция құрастыру; 4.1.1.15 ПВА желімін езу; 4.1.1.16 бұйымдар бөлшектерін бір-бірінің ішіне салып жинау; 4.1.1.17 бұралым, шеңбер бойынша қию; түрлі тәсілдермен өтпелі тесік қию; 4.1.1.18 композицияда көлемді бөлшектер құру; 4.1.1.19 түсті колорит, композиция құру; 4.1.1.20 технологиялық картаны қолдану; 4.1.1.21 технологиялық карта бойынша бұйымды әзірлеу реттілігін айту; 4.1.1.22 бөлшектерді негізіне орналастыру;

	4.1.1.23 модульдерден композиция құру; 4.1.1.24 бұйымдарды сәндеу; 4.1.1.25 мұғалімнің көмегімен дайындалған бұйымның сапасын бағалау
--	---

2) «Моншақтармен және бисермен жұмыс» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	4-сынып
2.1 Моншақтармен және бисермен жұмыс	4.2.1.1 жұмыс орнын ұйымдастыру; 4.2.1.2 материалды формасы, түсі, өлшемі бойынша таңдау; 4.2.1.3 жұмысты үлгі бойынша ретімен орындау; 4.2.1.4 жіпке бірнеше моншақты өткізіп жинау және инені кері қарай өткізу; 4.2.1.5 бұйымдарды ұсынылған сызба бойынша әзірлеу; 4.2.1.6 сымға бисермен бұйым өру; 4.2.1.7 технологиялық карта бойынша тапсырмаға бағдар алу; 4.2.1.8 сызба бойынша бисермен қарапайым бұйымдар өру; 4.2.1.9 сымға кесіндімен өру 4.2.1.10 үлгі бойынша бисермен күрделі бұйымдар өру

3) «Қалдық материалмен жұмыс» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	4-сынып
3.1 Қалдық материалмен жұмыс	4.3.1.1 бұйымды атау, оның пайдаланылуын, қандай материалдан дайындалғанын, бөлшектердің біріктірілу тәсілдерін айту; 4.3.1.2 технологиялық карта бойынша бұйымның әзірлену реттілігін айту; 4.3.1.3 жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру және жұмыс кезінде бәрін реттеп ұстау; 4.3.1.4 қайшымен белгілеме сызық бойымен кесу; 4.3.1.5 бөлшектерді желіммен, степлермен, скотчпен біріктіру; 4.3.1.6 қынаптың материалын киндер-сюрприздерден ажырату: түсі, өлшемі, қынаптың құрылымы; қынаптарды бір-бірімен біріктіру тәсілі; пластилиннен әзірленген бөлшектерді қынапқа жапсыру ережелері;

	<p>4.3.1.7 бөлшектерді желіммен біріктіру; конструкция бөлшектерін сызба бойынша біріктіру тәртібін сақтау; бұйымды сәндік бөлшектермен безендіру;</p> <p>4.3.1.8 қалдық материалдармен аппликациялар құрастыру және орындау тәсілдерін қолдану;</p> <p>4.3.1.9 бұйымның барлық бөлшектерін жинау;</p> <p>4.3.1.10 бұйымның пайдаланылуын, қандай материалдан әзірленгенін анықтау;</p> <p>4.3.1.11 бұйым бөлшектерін біріктіру тәсілдерін атау;</p> <p>4.3.1.12 жоспар бойынша бұйымның әзірлену реттілігін айту</p>
--	---

4) «Ағашпен жұмыс» бөлімі:

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	4-сынып
4.1 Ағашпен жұмыс	<p>4.4.1.1 құрал-саймандар мен құрылғыларды атау;</p> <p>4.4.1.2 қолданылатын құрал-сайманға сәйкес оларды дұрыс ұстау дағдылары мен дұрыс жұмыс тұрысын игеру;</p> <p>4.4.1.3 еліктеу бойынша қарапайым құрылыстарды орындау және оларды ойынға қолдану;</p> <p>4.4.1.4 үлгі бойынша құрылыс жиынтықтарының элементтерін көрсету (кубик, дінгек, кірпіш);</p> <p>4.4.1.5 шамаларды салыстыру барысында басу және салу тәсілін қолдану;</p> <p>4.4.1.6 үлгіден өлшемін көшіру;</p> <p>4.4.1.7 бұйымдарды көркем безендіру;</p> <p>4.4.1.8 ара материалдарын таңдау;</p> <p>4.4.1.9 өлшеу, бұрғылау, тазалау дағдыларын игеру;</p> <p>4.4.1.10 жұмыс үшін ара материалдары мен құрал-саймандарды дұрыс таңдау;</p> <p>4.4.1.11 мұғалімнің көмегімен шаблон немесе сызғышпен белгілемелер жасау;</p> <p>4.4.1.12 жонғышпен, егеумен, ою арамен жұмыс жасай білу;</p> <p>4.4.1.13 бұйым бөлшектерін түрлі тәсілдермен біріктіру;</p> <p>4.4.1.14 өз жұмысын жоспарлау және атқарылған жұмыс жайлы айтып беру</p>

5) «Табиғи материалдармен жұмыс» бөлімі:

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
------------	------------------

	4-сынып
5.1 Табиғи материалдармен жұмыс	<p>4.5.1.1 жұмыс орнын ұйымдастыру;</p> <p>4.5.1.2 материалдарды, құрал-саймандар мен құрылғыларды атау және оларды жұмысқа қолдану;</p> <p>4.5.1.3 табиғи материалдар түрлерін ажырату;</p> <p>4.5.1.4 жарма мен дәндерді түрлері бойынша сұрыптау;</p> <p>4.5.1.6 бұйымдардың табиғи материалын атау;</p> <p>4.5.1.7 үлгі бойынша қарапайы өрнектер құру, аппликациялар орындау;</p> <p>4.5.1.8 үлгіге сүйеніп бұйым әзірлеу;</p> <p>4.5.1.9 атқарылған жұмыс жайлы айтып беру;</p> <p>4.5.1.10 әзірленген бұйымның сапасына баға беру</p>

б) «Балшықпен және тұзды қамырмен жұмыс» бөлімі:

6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	4-сынып
6.1 Балшықпен және тұзды қамырмен жұмыс	<p>4.6.1.1 қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау;</p> <p>4.6.1.2 жұмыс орнын ұйымдастыру;</p> <p>4.6.1.3 құрал-саймандарды атау және олардың қолданылуын білу;</p> <p>4.6.1.4 түрлі құрылғылар көмегімен бедерлемелер, фактура жасау;</p> <p>4.6.1.5 балшық қабатына таяқшамен немесе тілшұқығышпен сурет сызу;</p> <p>4.6.1.6 бояуларды қолдану (акварель, гуашь);</p> <p>4.6.1.7 арнайы «істіктермен» шеңберлер мен нүктелер салу;</p> <p>4.6.1.8 қол асты құралдарымен (қалыптар, шаблондар) бұйым бөлшектерін кесу;</p> <p>4.6.1.9 батпақ қабатына қойылған шаблонмен фигура кесу;</p> <p>4.6.1.10 жабыстыру, фактураны қолдану, саусақтық өрнек, тырналау, әшекейлеу арқылы рельефтік пластиналарды сәндеу;</p> <p>4.6.1.11 бөлшектерді бұйымның үстіне қойып керекті өлшемдерін алу, бөлшектерді бір-бірімен біріктіру;</p> <p>4.6.1.12 сыртқы түрі бойынша бұйымдардың кебу кезеңін анықтау;</p> <p>4.6.1.13 бұйымды үлгі бойынша өрнектеу;</p> <p>4.6.1.14 үлгіні табиғи нысанмен, муляжбен салыстыру;</p> <p>4.6.1.15 технологиялық карта бойынша бұйымды операциялық әзірлеу;</p> <p>4.6.1.16 бұйымды иллюстрация бойынша</p>

	<p>сараптамалау(ойыншықтың қандай бөлшектері бар, неге ұқсайды, бір-бірімен қандай тәсілмен біріктіріледі);</p> <p>4.6.1.17 ойыншықты иллюстрация бойынша өрнектеу;</p> <p>4.6.1.18 күйдіру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау;</p> <p>4.6.1.19 бөлшектердің дұрыс орналасуын, пропорцияларының, өлшемдерінің сақталуын бақылау;</p> <p>4.6.1.20 технологиялық карта бойынша кезеңдері мен ретін жоспарлау;</p> <p>4.6.1.21 бұйымдардың әзірлену реттілігі туралы айту</p>
--	---

7) «Тоқыма материалдарымен жұмыс» бөлімі:

7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
	4-сынып
7.1 Тоқыма материалдарымен жұмыс	<p>4.7.1.1 жұмыс орнын ұйымдастыру;</p> <p>4.7.1.2 қауіпсіздік техникасы ережелерін қолдану;</p> <p>4.7.1.3 түзу сызықпен қабу және «бейнежіп» техникасымен бұрыштарды толтыру;</p> <p>4.7.1.4 жіпті скотчтың көмегімен бекіту;</p> <p>4.7.1.5 бисер мен пайетканы қадау;</p> <p>4.7.1.6 түйіншек жасау;</p> <p>4.7.1.7 «инені алға» тігісін және «сыртына қарай» тігісін жүргізу;</p> <p>4.7.1.8 «инені алға » тігісін қолданып ойыншық тігу;</p> <p>4.7.1.9 матаға жіпті қабу арқылы жапсыру;</p> <p>4.7.1.10 түймені керекті орнына қадау;</p> <p>4.7.1.11 матаны қайшымен қиып жұмыс жасау;</p> <p>4.7.1.12 аппликация бөлшектерін бұйымға жапсыру;</p> <p>4.7.1.13 тігін машинасының жоғарғы және төменгі жібін қолмен келтіріп кіргізу, қол тігін машинасымен белгіленген сызықпен түзу тігіс жүргізу;</p> <p>4.7.1.14 электр үтікпен жұмыс істеу;</p> <p>4.7.1.15 бұйым бөлшектерін сындырып алу және сыпырып алу;</p> <p>4.7.1.16 қайым және жөрмелеу тігістер жасау;</p> <p>4.7.1.17 қол тігін машинасымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін білу және орындау;</p> <p>4.7.1.18 қол тігін машинасымен тігіс жүргізу;</p> <p>4.7.1.19 тігістің басына және аяғына бекітпе жасау;</p> <p>4.7.1.20 бұйым бөлшектерін сындырып алу және сыпырып алу;</p>

	4.7.1.21 аппликация бөлшектерін матаға жапсыру; 4.7.1.22 жұмысты жоспарлау
--	---

28. Бағдарлама жеңіл ақыл ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

30. Оқыту білім алушылардың зияткерлік даму ерекшеліктері ескеріліп, бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
4-сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оқу бағдарламасына қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш
білім беру деңгейінің 4-сыныбы үшін «Жалпы еңбекке даярлау» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 4-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан		
Өзім туралы	1. Қағазбен және картонмен жұмыс	4.1.1.1 құрал-саймандар мен материалдарды атау; 4.1.1.2 жұмыс орнын ұйымдастыру; 4.1.1.3 үтіктегішті қолдану, жіпті инеге түзу және түйіншек түйу; 4.1.1.4 тескіштің көмегімен қағазды тесу; 4.1.1.5 белгілемелер жасау, өлшемін алу және шаблонмен жиектеу; 4.1.1.6 жұмысты үлгі бойынша дәйектілікпен орындау; 4.1.1.7 өрнекті контуры бойынша және суреттің ішіне салу; 4.1.1.8 геометриялық фигуралардан өрнектерді тану және құру; 4.1.1.9 бөлшектер санын анықтау; 4.1.1.10 қағаз түрлерін ажырата білу; 4.1.1.11 кесінділерді сақиналап және шынжырлап бір-бірімен біріктіру; 4.1.1.12 сәндік фигуралар және дайындамалардан басқа композициялар құрастыру; 4.1.1.13 конустан, цилиндрден көлемді ойыншықтар жасау; 4.1.1.14 композициялар құрастыру; 4.1.1.15 ПВА желімін езу; 4.1.1.16 бұйымдар бөлшектерін бір-бірінің ішіне салып жинау; 4.1.1.17 бұралым, шеңбер бойынша қию; түрлі тәсілдермен өтпелі тесік қию; 4.1.1.18 композицияда көлемді бөлшектер құру ; 4.1.1.19 түстік колорит, композиция құру; 4.1.1.20 технологиялық картаны қолдану; 4.1.1.21 технологиялық карта бойынша бұйымды әзірлеу реттілігін айту; 4.1.1.22 бөлшектерді негізіне орналастыру; 4.1.1.23 модульдардан композиция құру; 4.1.1.24 бұйымдарды сәндеу;

		4.1.1.25 мұғалімнің көмегімен дайындалған бұйымның сапасын бағалау
Менің мектебім	2. Моншақтар мен және бисермен жұмыс	4.2.1.1 жұмыс орнын ұйымдастыру; 4.2.1.2 материалды формасы, түсі, өлшемі бойынша таңдау; 4.2.1.3 жұмысты үлгі бойынша ретімен орындау; 4.2.1.4 жіпке бірнеше моншақты өткізіп жинау және инені кері қарай өткізу; 4.2.1.5 бұйымдарды ұсынылған сызба бойынша әзірлеу; 4.2.1.6 сымға бисермен бұйым өру; 4.2.1.7 тапсырмаға технологиялық карта бойынша бағдар алу; 4.2.1.8 сызба бойынша бисермен қарапайым бұйымдар өру; 4.2.1.9 сымға кесінділермен өру; 4.2.1.10 үлгі бойынша бисермен күрделі бұйымдар өру 4.2.1.11 құрал-саймандармен және материалдармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін білу және орындау; 4.2.1.12 орындалған жұмысты сараптамалау
2 - тоқсан		
Менің отбасым және достарым	3. Қалдық материалмен жұмыс	4.3.1.1 бұйымды атау, оның пайдаланылуын, қандай материалдан дайындалғанын, бөлшектерді біріктіру тәсілдерін айту; 4.3.1.2 технологиялық карта бойынша бұйымның әзірлену реттілігін айту; 4.3.1.3 жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру және жұмыс кезінде бәрін реттеп ұстау; 4.3.1.4 қайшымен белгілеме сызық бойымен кесу; 4.3.1.5 бөлшектерді желіммен, степлермен, скотчпен біріктіру; 4.3.1.6 қынаптың материалын киндер-сюрприздерден ажырату: түсі, өлшемі, қынаптың құрылымы; қынаптарды бір-бірімен біріктіру тәсілі; пластилиннен әзірленген бөлшектерді қынапқа жапсыру ережелері; 4.3.1.7 бөлшектерді желіммен біріктіру; конструкция бөлшектерін сызба бойынша біріктіру тәртібін сақтау; бұйымды сәндік бөлшектермен безендіру; 4.3.1.8 қалдық материалдармен аппликациялар құрастыру және орындау тәсілдерін қолдану; 4.3.1.9 бұйымның барлық бөлшектерін жинау; 4.3.1.10 бұйымның пайдаланылуын, қандай материалдан әзірленгенін анықтау; 4.3.1.11 бұйым бөлшектерін біріктіру тәсілдерін атау; 4.3.1.12 жоспар бойынша бұйымның әзірлену реттілігін айту
Бізді қоршаған әлем	4. Ағашпен жұмыс	4.4.1.1 құрал-саймандар мен құрылғыларды атау; 4.4.1.2 қолданылатын құрал-сайманға сәйкес оларды дұрыс ұстау дағдылары мен дұрыс жұмыс тұрысын игеру; 4.4.1.3 еліктеу бойынша қарапайым құрылыстарды орындау және оларды ойынға қолдану; 4.4.1.4 үлгі бойынша құрылыс жиынтықтарының элементтерін көрсету (кубик, діңгек, кірпіш); 4.4.1.5 шамаларды салыстыру барысында басу және салу

		<p>тәсілін қолдану; 4.4.1.6 үлгіден өлшемін көшіру; 4.4.1.7 бұйымдарды көркем безендіру; 4.4.1.8 араматериалдарын таңдау; 4.4.1.9 өлшеу, бұрғылау, тазалау дағдыларын игеру; 4.4.1.10 жұмыс үшін араматериалдары мен құрал-саймандарды дұрыс таңдау; 4.4.1.11 мұғалімнің көмегімен шаблон немесе сызғышпен белгілемелер жасау; 4.4.1.12 жонғышпен, егеумен, ою арамен жұмыс жасай білу; 4.4.1.13 бұйым бөлшектерін түрлі тәсілдермен біріктіру; 4.4.1.14 өз жұмысын жоспарлау және атқарылған жұмыс жайлы айтып беру</p>
3 - тоқсан		
Саяхат	5. Табиғи материалдар мен жұмыс	<p>4.5.1.1 жұмыс орнын ұйымдастыру; 4.5.1.2 материалдарды, құрал-саймандар мен құрылғыларды атау және оларды жұмысқа қолдану; 4.5.1.3 табиғи материалдар түрлерін ажырату; 4.5.1.4 жарма мен дәндерді түрлері бойынша сұрыптау; 4.5.1.6 бұйымдардың табиғи материалын атау; 4.5.1.7 үлгі бойынша қарапайы өрнектер құру, аппликациялар орындау; 4.5.1.8 үлгіге сүйеніп бұйым әзірлеу ; 4.5.1.9 атқарылған жұмыс жайлы айтып беру; 4.5.1.10 әзірленген бұйымның сапасына баға беру</p>
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	6. Балшықпен жұмыс	<p>4.6.1.1 қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау; 4.6.1.2 жұмыс орнын ұйымдастыру; 4.6.1.3 құрал-саймандар атау және олардың қолданылуын білу; 4.6.1.4 түрлі құрылғылар көмегімен бедерлемелер, фактура жасау; 4.6.1.5 балшық қабатына таяқшамен немесе тілшұқығышпен сурет сызу; 4.6.1.6 бояуларды қолдану (акварель, гуашь); 4.6.1.7 арнайы «істіктермен» шеңберлер мен нүктелер салу; 4.6.1.8 қол асты құралдарымен (қалыптар, шаблондар) бұйым бөлшектерін кесу; 4.6.1.9 батпақ қабатына қойылған шаблонмен фигура кесу; 4.6.1.10 жабыстыру, фактураны қолдану, саусақтық өрнек, тырналау, әшекейлеу арқылы рельефтік пластиналарды сәндеу; 4.6.1.11 бөлшектерді бұйымның үстіне қойып керекті өлшемдерін алу, бөлшектерді бір-бірімен біріктіру; 4.6.1.12 сыртқы түрі бойынша бұйымдардың кебу кезеңін анықтау; 4.6.1.13 бұйымды үлгі бойынша өрнектеу; 4.6.1.14 үлгіні табиғи нысанмен, муляжбен салыстыру; 4.6.1.15 технологиялық карта бойынша бұйымды операциялық әзірлеу; 4.6.1.16 бұйымды иллюстрация бойынша сараптамалау</p>

		<p>(ойыншықтың қандай бөлшектері бар, неге ұқсайды, бір-бірімен қандай тәсілмен біріктіріледі);</p> <p>4.6.1.17 ойыншықты иллюстрация бойынша өрнектеу;</p> <p>4.6.1.18 күйдіру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау;</p> <p>4.6.1.19 бөлшектердің дұрыс орналасуын, пропорцияларының, өлшемдерінің сақталуын бақылау;</p> <p>4.6.1.20 технологиялық карта бойынша кезеңдер мен реттілікті жоспарлау;</p> <p>4.6.1.21 бұйымдардың әзірлену реттілігі туралы айту</p>
4 – тоқсан		
Тағам және сусын	7. Тоқыма материалдарымен жұмыс	<p>4.7.1.1 жұмыс орнын ұйымдастыру;</p> <p>4.7.1.2 қауіпсіздік техникасы ережелерін қолдану;</p> <p>4.7.1.3 түзу қабу және «бейнежіп» техникасында бұрыштарды толтыру;</p> <p>4.7.1.4 жіпті скотчтың көмегімен бекіту;</p> <p>4.7.1.5 бисер мен пайетканы қадау;</p> <p>4.7.1.6 түйіншек жасау;</p> <p>4.7.1.7 «инені алға» тігісін және «сыртына қарай» тігісін жүргізу;</p> <p>4.7.1.8 «инені алға» тігісін қолданып ойыншық тігу;</p> <p>4.7.1.9 матаға жіпті қабу арқылы жапсыру;</p> <p>4.7.1.10 түймені керекті жеріне қадау;</p> <p>4.7.1.11 матаны қайшымен қиып жұмыс жасау;</p> <p>4.7.1.12 аппликация бөлшектерін бұйымға жапсыру;</p> <p>4.7.1.13 тігін машинасының жоғарғы және төменгі жібін қолмен келтіріп кіргізу, қол тігін машинасымен белгіленген сызықпен түзу тігіс жүргізу;</p> <p>4.7.1.14 электр үтікпен жұмыс істеу;</p> <p>4.7.1.15 бұйым бөлшектерін сындырып алу және сыпырып алу;</p> <p>4.7.1.16 қайым және жөрмелеу тігістер жасау;</p> <p>4.7.1.17 қол тігін машинасымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін білу және орындау;</p> <p>4.7.1.18 қол тігін машинасымен тігіс жүргізу;</p> <p>4.7.1.19 тігістің басына және аяғына бекітпе жасау;</p> <p>4.7.1.20 бұйым бөлшектерін сындырып алу және сыпырып алу;</p> <p>4.7.1.21 аппликация бөлшектерін матаға жапсыру;</p> <p>4.7.1.22 жұмысты жоспарлау</p>
Дені саудың – жаны сау		